

ЦИКЛОГРАММА

Кіші «Балапан» тобы

1.09-3.09.2021ж

1-апта

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Мақсаты:

Балаларға әлеуметтік дағдыларды, мектепке дейінгі ұйымға, топқа, балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

Күн тәртібі			Сәрсенбі 01.09.2021.	Бейсенбі 02.09.2021.	Жұма 03.09.2021.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдаяттар орнату.				
			Фотосуреттер қарастыру «Менің балабақшам». Балабақша бөлмелері бейнеленген суреттерді қарастыру және атау.	Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Ертегілерді қарастыру, ондағы таныс кейіпкерлерді атап беру.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балаларға пішіндер туралы айтып беру.
Таңертеңгі гимнастика	Жаттығулар кешені: «Тартыламыз» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында Орындалуы: қолды жоғары көтеру, түсіру. Қайталануы: 4 рет				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар:				

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі</p>			<p>1.09.2021ж Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ Айарумен таныстыру» Мақсаты:Ойыншақтарды сипаттап айтуға үйрету.</p>	<p>2.09.2021ж Дене шынықтыру Тақырыбы: Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру. Қимылды ойын: «Топта шар үрлейік» 2.09.2021ж Сурет салу Тақырыбы: «Қонжыққа шар сыйлайық» Мақсаты:Балаларды түрлі түсті қарындаштармен, суретті қағаз бетінде орналастырумен таныстыру.</p>	<p>3.09.2021ж Дене шынықтыру Тақырыбы: Алаңның бір шетіне доптың артынан баяу жүру. Қимылды ойын: «Балабақшадағы көңілді доптар» 3.09.2021ж Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ойыншықтар достығы» әңгіме. Т. Благовешенская Мақсаты: Шығарманы тыңдап түсіну.</p>
<p>Серуен:</p>	<p>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен балабақша ауласы туралы жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Балабақша ауласын бақылау. Мақсаты: Ауладағы ойын заттарын атай білге үйрету. Оларды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмаларын орындау . (мысалы: құмдағы тастарды жинау. т.б) Мақсаты :қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимылды ойындар: «Мені қуып жет» (2-3рет қайталау); Мақсаты:Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. Дербес ойын әрекеті, серуенге алып шыққан материалдармен ойындар, жеке жұмыс: балаларды 3-4 топқа бөліп жеке жұмыс жасау. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойындарды таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру.</p>				
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балалардың реттілікпен киімдерін шешініп киінуін қалыптастыру, мәдени-гигиеналық дағдылар әрекеті, дербес ойын әрекеті .</p>				
<p>Ойындар, дербес әрекет</p>	<p>Д/О"Қуыршақтарға көмектес"</p>	<p>С-р/О"Шаштараз"</p>	<p>Д/О «Қуыршықты жуындыр»;</p>	<p>"Біздің көмекшілеріміз"</p>	<p>Сюжеттік ойыншықтармен ойындар ойнату.</p>

Жеке жұмыс		Ірі құрылыс материалдары және конструкторлар арқылы Амаль мен Аланға қарапайым заттарды құрастыруға үйрету, (әр түрлі бейнелер)	Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру барысында Алинур мен Хауаның тілін дамыту жұмысын жүргізу.	Менің балабақшам» тақырыбында Аделя мен Аминаға сюжетті картиналар көрсетіп, суреттің атауларын сұрау арқылы тілдерін дамыту.	Ірі құрылыс материалдары және конструкторлар арқылы Амаль мен Аланға қарапайым заттарды құрастыруға үйрету, (әр түрлі бейнелер)
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балаларды серуенге дайындау. "Балалардың есімдерін ата» және т.б.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешініп киінуіне көмектесу, дербес ойын әрекеті				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	Психологтің кеңесі: "Балаңызбен балабақша туралы әңгімелесіңіз"	Ата аналарға кеңес: "Өз бетінше әрекет етуге көмектесіңіз"	Психологтің кеңесі: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Жобаны таныстыру. «Менің балабақшам тақырыбына көрме ұйымдастыру.

ЦИКЛОГРАММА

06.09.2021-10.09.2021жыл

Кіші «Балапан» тобы

2-апта

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Мақсаты: «Менің отбасым» - отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым- қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасына барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.09.2021.	Сейсенбі 07.09.2021.	Сәрсенбі 08.09.2021.	Бейсенбі 09.09.2021.	Жұма 10.09.2021.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалармен балабақшадағы достары және бір бірімен қарым қатынасы туралы жеке әңгімелесу, балабақшада балалармен көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдаяттар орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары "Қырыққабат тураймыз"	Құрылыс ойындары "Біз жүретін жолдар» Текшелерден жолдар құрастыру және т.б ойындар	Фотосуреттер қарастыру «Менің досым» Топтағы достарының суреттерімен бөлісу.	Үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары "Сәбізден салат жасаймыз "	Сенсорикалық ойындар ойнату. "Бұл қандай түс?" түстерді атау.
Танертенгі гимнастика	Жаттығулар кешені: Қане, кімнің бойы ұзын? Паровозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұрайық, Пойызды біз құрайық				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Ойыншықтар менің досым» Мақсаты: Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Ойыншықтарды жинау	«Бұл менің досым» Мақсаты: Балалардың бір бірімен сөйлесуі арқылы сөйлеу қабілеттерін дамыту өз ойын жеткізуге тәрбиелеу. Топ ішін жинастыруға үйрету.	"Менің достарым" картиналар топтамасынан суреттер қарастыру. Мақсаты: Суреттегі атауларды атай білуге үйрету. Гүлдерді күтуге көмектесу.	"Мен достарыма көмектесемін" Мақсаты: Достарына көмектесе білуге тәрбиелеу. Ойыншықтарды жинау.	« Қандай досыңның дауысы?» Мақсаты: Тыңдау бойынша есту, тану қабілеттерін дамыту. Топ ішін жинастыруға үйрету.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Музыка Маман жоспары бойынша. Сенсорика Тақырыбы: «Қуыршаққа қонаққа барамыз»	Дене шынықтыру Тақырыбы: Шеңбер бойымен бірқалыпты жүру. Қимылды ойын: «Біз көңілді отбасымыз» Жаратылыстану	Музыка Маман жоспары бойынша	Дене шынықтыру Тақырыбы: Кілем бойымен жүру. Қимылды ойын: «Доптарды жинаймыз» Сурет салу Тақырыбы:	Дене шынықтыру Тақырыбы: Доғалар астынан еңбектеп өту. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру. Қимылды ойын:
--------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	Мақсаты: Қонақта отырғанда мәдениеті болуға үйрету.	Тақырыбы: «Құмнан ойыншық жасайық» Мақсаты: Балабақша ауласында ойнайтын құммен таныстыру		«Әжемнің жіптері» (үш түсті бояумен) Мақсаты: тұйықталаған (ирек) сызықтарды жүргізу арқылы фломастерді немесе майлы қарындашты пайдалана отырып сурет салуға үйрету.	«Маған еңбектеп жет» Жапсыру Тақырыбы: «Айсұлу қуыршаққа арналған көрпе» Мақсаты: Балаларды жапсырумен таныстыру, қағаз бетінде жапсыру.
Серуен:	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Алаңдағы гүлзарларды бақылау. Мақсаты: Гүлдердің түстерін тануға, гүл бөліктерін атауға үйрету; гүлдерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы, гүлдерді суару) Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға және досына көмектесе білуге үйрету. Қимылды ойындар: «Ақ қоян» (2-3 рет қайталау); Мақсаты: Бір-біріне қақтығысып қалмай айналуға үйрету. Дербес ойын әрекеті, серуенге алып шыққан материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойындарды таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру. Балаларды 3-4 топқа бөлу арқылы тақырп ережесіне сай жеке жұмыстар жүргізу.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешініп киінулерін, мәдени-гигиеналық дағдыларды, дербес ойын әрекеттерін қалыптастыру.				
Ойындар, дербес әрекет	Үстел үсті театры «Менің достарым»	Сюжетті-рөлдік ойын «Қонжыққа көмектес»;	Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»	"Ойын-жаттығу «Менің отбасым»	С-р/О "Дәрігер"
Жеке жұмыс	Амаль мен Алинурға тақырып бойынша сюжетті картиналарды қарастыру арқылы сөйлеу қабілеттерін	Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлар арқылы Елдана мен Аделяға қарапайым заттар құрастыру барысында саусақ	Тамерлан мен Аминаға тақырыпқа байланысты боямақтар бояу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Үстел үсті ойындары пазлдар, мозаика бойынша Разияға мен Айлинге бейнелер жасату арқылы ұсақ саусақ қимылдарын дамыту.	Барлық балалармен бірге суреттер қарастырып, сергіту сәттерін орындау және жаттау, ұйымшылдық қабілеттерін ояту.

	дамыту.	қимылдарын дамыту.			
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: "Достарыңның есімдерін ата» және т.б.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешініп киінулерін қадағалау, дербес ойын әрекетін ұйымдастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде достарына көмектесу туралы әңгімелесу».	Психологтің кеңесі: мысалы." Балаңыз жайлы не білесіз"	Ата аналарға кеңес: Балалардан достары туралы не білетініңізды сұраңыз.	Психологтің кеңес: «Бала өміріндегі достықтың маңызы».	«Менің досым" тақырыбына суреттерден көрме ұйымдастыру.

ЦИКЛОГРАММА

Кіші «Балапан» тобы

13.09.2021-17.09.2021 жыл.

3-апта

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты:

Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.09.2021.	Сейсенбі 14.09.2021.	Сәрсенбі 15.09.2021.	Бейсенбі 16.09.2021.	Жұма 17.09.2021.
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалардың сүйікті заттары ойыншықтар болғандықтан олар туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдайлар жасау.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Үстел үсті, саусақ жаттығулары "Салат жасаймыз" және т.б. ойындар.	"Не қайда тұрады?" Ойыншықтарды орналастыру орындарын табу.	Фотосуреттер қарастыру «Менің сүйікті ойыншықтарым». Ойыншықтардың фотосуреттерін қарастыру.	Ойыншықтарды пайдалана отырып ойдан ертегі айтып беру. Бір бірімен қарым қатынас жасауға үйрету.	Үстел үсті ойыны Түстерді ретіне қарай жинау. (Түрлі текшелер арқылы)
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)					

Таңертеңгі гимнастика	Жаттығулар кешені: Менде үлкен үй Көжекте кішкентай үй Қонжық кетті үйіне Көжек болып секіре				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Ғажайып қалата» Мақсаты: Балалардың сипап сезу қабілеттерін дамыту. Ойыншықтарды жинау	«Қуыршақты ботқамен тамақтандырамыз» Мақсаты: тамақтану реттіліктерін білуге тәрбиелеу. Топ ішін жинастыра білуге үйрету.	«Менің ойыншықтарым» Мақсаты: ойыншықтар туралы картиналар топтамасын қарау арқылы қызығушылықтарын ояту.	"Орындарын тауып жинастыр" Мақсаты: тәрбиешіге көмектесулерін қалыптастыру. Топ ішін жинастыра білуге үйрету.	"Суреттегіні тап" Мақсаты: суреттегі ненің суретін суреттеуге үйрету. Ойыншықтарды жинау.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Музыка Маман жоспары бойынша Құрастыру Тақырыбы: «Кірпіштен жіңішке жол салу» Мақсаты: Түрі мен түсі әртүрлі болып келетін геометриялық пішіндірден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары туралы түсінік қалыптастыру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Жұптасып жүруге дағдыландыру. Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Қимылды ойын: «Менің досым» Жаратылыстану Тақырыбы: «Балабақша ауласындағы ағаштар» Мақсаты: Балабақша ауласындағы ағаштарды таныстыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ Айарумен таныстыру» Мақсаты: Ойыншақтарды сипаттап айтуға үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Шеңбер бойымен жұптасып жүру. Қонжыққа дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Сурет салу Тақырыбы: «Терезеге күн шуағы түседі» Мақсаты: балаларды гуашь бояуымен, сары түспен таныстыру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Допты қос қолдап лақтыру. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру. Қимылды ойын: «Ақ қоянмен бірге» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Әлди-әлди» М. Оразбаев өлеңі. Мақсаты: Өлең мазмұнын түсіну
Серуен:	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Алаңдағы ойын құралдарын бақылау.				

	<p>Мақсаты: Құралдарды атай білуге , дене бөліктерін атауға үйрету; аландағы құралдарды ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы, ауладағы қоқыстарды тазартуға тәрбиешіге көмектесуге үйрету.)</p> <p>Мақсаты :қарапайым еңбектерді орындауға үйрету.</p> <p>Қимылды ойындар:«Күн мен жаңбыр» (2-3рет қайталау);</p> <p>Мақсаты:Бір-біріне қақтығысып қалмай қимылдауға үйрету.</p> <p>Дербес ойын әрекеті, серуенге алып шыққан материалдармен ойындар, ойыншықтарды пайдалану туралы айту.</p> <p>Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойындарды таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру. балалардың ішінн көңіл күйі болмаған балалармен жеке жұмыс жүргізу.</p>				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешу мен киіну қабілеттерін қалыптастыру, мәдени-гигиеналық жағдаяттар орнату, дербес ойын әрекеті .				
Ойындар, дербес әрекет	"Мынау қай пішін?"	Д/О:"Ғажайы дорба"	"Сикырлы суреттер"	Д/О: "Ойыншықтар әлеміне саяхат»	"Өз үйңді тап"
Жеке жұмыс	Ойыншытар туралы суреттерді Алан мен Адельге көрсету барысында танымдық қабілеттерін дамыту.	Тақырып туралы боямақтарды бояу барысында Айдина мен Асылға қаламды дұрыс ұстауды үйрету.	Алинур мен Дарханға ірі құрылыс конструкторларымен қарапайым заттарды құрастыруға үйрету.	Пазлдар, мозаикалармен түрлі бейнелер құрастыру барысында Амина мен Хауаға үйрету.	Өлең жолдарын жаттату барысында барлық балалармен жұмыс жасауды ұйымдастыру.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: " Паравоз" ойыны және т.б.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі мен киінуі қабілеттерін дамыту, дербес ойын әрекеті				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде балаңызбен сюжеттік ролдік ойын ойнаңыз ».	Психологтің кеңесі: мысалы: «Ойыншықтарды пайдалануға үйретесіз"	Ата-аналарға кеңес: "Ойыншықтарды үйде балаға ұқыпты жинатуға әдетке айналдырыңыз"	Психологтың кеңесі: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Көрме ұйымдастыру: «Менің ойыншығым" тақырыбына көрме ұйымдастыру.

ЦИКЛОГРАММА
Кіші «Балапан» тобы
20.09.2021-24.09.2021 жыл.

4-апта

Өтпелі тақырып: «Менің туған өлкем»

Мақсаты:

Балалардың туған жер, қала және облыс, туған өлкенің құндылықтары мен әсемдігі туралы білімін кеңейту, өлкенің пайдалы қазбалары туралы алынған білімін бекіту, суреттер бойынша тануға және жердің көпкіткі жерлері мен көшелері туралы айта білуге үйрету.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.09.2021.	Сейсенбі 21.09.2021.	Сәрсенбі 22.09.2021.	Бейсенбі 23.09.2021.	Жұма 24.09.2021.
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жиһаздар әлемі туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдайлар орнату.				
Ата-аналармен әңгімелесу	Үстел үстінде ойналатын ойындар. Пазылдар, қима суреттер.	Балабақша жиһаздары, Қуыршақтарға арналған жиһаздар құрастырту	Фотосуреттер қарастыру «Қандай әдемі жиһаздар». Фотосуреттегі жиһаздарды атау.	Түрлі жиһаздардың боямақтарын бояту арқылы бояу түрлерін ажыратуға үйрету.	Үстел үсті ойыны текшелерді пішініне қарай тақтайшаға орналастыру.
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)					
Танертенгі гимнастика	Жаттығулар кешені: <p align="center">«Секір» ойыны: Б.қ.: еркін тұру Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.</p>				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	«Қуыршақтардың жиһазын тауып бер» Мақсаты: Балалардың танымдық	«Қай жиһаз қандай бөлмеде тұрады?» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Топ ішін	«Менің бөлmem» Мақсаты: өз бөмелеріндегі жиһаздарды атауға үйрету.	Тәрбиешінің көмегімен жиһаздарда тұратын заттарды жинау. Мақсаты: Тәрбиешінің көрсеткенін қайталап	Сөздік ойын «Сөзді аяқта» Мақсаты: Тәрбиеші сөздің бірінші екінші

	қабилеттерін дамыту. Ойыншықтарды жинау	жинастыра білуге үйрету.	Гүлдерді суаруға көмектесу.	орындауға тәрбиелеу. Топ ішін жинастыра білуге үйрету.	буындарын айтады балалар аяқтайды (ди-ван) Ойыншықтарды жинау.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Музыка Маман жоспары бойынша Сенсорика Тақырыбы: «Қонжық бізде қонақта» Мақсаты: Заттарды көлемдеріне қарай топтастыра білуге үйрету	Дене шынықтыру Тақырыбы: Еденде ирелеңдеп жатқан жіптің үстімен жүру. Сызықтардың, жіптердің арасымен жүгіру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Күзгі табиғат ерекшелігі» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшелігі туралы түсінік беру.	Музыка Маман жоспары бойынша	Дене шынықтыру Тақырыбы: Бағдар бойынша кілемнің бойымен жүріп келіп, Қимылды ойын: «Қуыршақпен бірге айналайық» Сурет салу Тақырыбы: «Қызыл, сары жапырақтар жерге түсіп жатыр» Мақсаты: Жерде, ауада ағаш бұтақтарында сары және қызыл жапырақтарды саусақпен салуға үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Қимылды ойын: «Кім күшті?» Мүсіндеу Тақырыбы: «Қоразға арналған бұршақ» Мақсаты: Балаларды ермексазбен, сары түсті ермексаздан шарды мүсіндеу тәсілімен таныстыру.
Серуен:	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Алаңдағы құмсалғыштағы құмды бақылау. Мақсаты: Құмның қасиеттерін тануға үйрету; құмды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы, құмдағы тастарды жинау) Мақсаты :қарапайым еңбекті орындауға үйрету. Қимылды ойындар «Оны қуып жет», (2-3рет қайталау); Мақсаты: Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. Дербес ойын әрекеті, серуенге алып шыққан материалдармен ойындар (мысалы әртүрлі пішінді қалыптарды жасау) Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойындарды таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру. Балалармен жеке жұмыс жасауды ұйымдастыру.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, тазалықты ұйымдастыру, дербес ойын әрекеті .				

Ойындар, дербес әрекет	"Көңілді дөңгелектер	"Тазалық бұйымдарын ата"	"Ертегіні ойнайық"	"Жиһаздар әлеміне саяхат" Д/О:»Кімнің заттары?»	"Суреттерді құрастыр"
Жеке жұмыс	Ірі құрылыс конструкторлармен жиһаздардың бейнелерін Жахангер мен Разияға құрастырту.	Жиһаздардың бейнелерінің боямақтарын Амаль мен Дарханға боятқызу.	Альбомдар, сюжетті картиналарды Аделя мен Даянаға көрсте отырп таныстыру.	Суретті кітапшаларды Альтаир мен Сұлтанға бояту арқылы түстерді атауға үйрету.	Алтын күз мерекесіне орай айтылатын әндерді жаттату, барысында балаларды дұрыс айтуға үйрету.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: "Бөлмелердегі жиһаздарды ата»				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі мен киінулерін қадағалау, тазалықты ұйымдастыру "біз жуына білеміз" дербес ойын әрекеті				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде балаңызға жиһаздар үстін жинауға баулыңыз».	Психологтің кеңесі: «Жиһаз туралы балаңызға түсінік беріңіз"	Ата аналарға кеңес: "Үйде балаңызға жиһазды ұқыпты ұстауға баулыңыз"	Психологтың кеңесі: «Балаңызды ұқыптылыққа тәрбиеліңіз».	Көрме ұйымдастыру: «Менің бөлмем қандай болу керек" тақырыбына көрме ұйымдастыру.

ЦИКЛОГРАММА

Кіші «Балапан» тобы

27.09.2021-01.10.2021 жыл.

1-апта

Өтпелі тақырып: «Жабайы табиғат әлемі»

Мақсаты:

Жер планетасындағы флора мен фаунамен таныстыру, экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 27.09.2022ж	Сейсенбі 28.09.2022	Сәрсенбі 29.09.2021.	Бейсенбі 30.09.2021.	Жұма 01.10.2021
--------------------	--------------------------------	-------------------------------	--------------------------------	--------------------------------	---------------------------

Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру және әңгімелесу, Салыстыру арқылы балалардың ой-өрісін дамыту, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдаяттар орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	"Мен тазалықты сүйемін" тақырыбына картиналар қарастыру, оларды суреттеу.	"Денсаулық әлеміне саяхат" фото суреттер қарастыру, және әңгімелеп беру.	"Спорт-бідің досымыз" тақырыбына видео слайдтар қарастыру.	Саусақ ойындары арқылы отбасындағы мүшелердің іс әрекеттерін орындау.	Жуынуға арналған заттарды суреттер арасынан көрсету.
Таңертеңгі гимнастика	Жаттығулар кешені: "Көңілді аңдар би" Менде үлкен үй. Ал көжекте кішкентай үй Қонжық кетті үйіне Көжек болып секіре				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар "Бұл табиғат" Мақсаты: Сурет арқылы табиғат туралы айтып бере білуге баулу.	«Мен табиғатқа көмектесе аламын» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.	«Бұл мені қоршаған орта "картиналар суреттер қарастыру. Мақсаты: Суреттегі атауларды атауға үйрету.	"Табиғатқа қамқорлық» қандай еңбек жасайды. Мақсаты: ата анасының еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	Сөздік ойын «Кімнің қимылы?» Мақсаты: Кімнің қимылы айтуға баулу

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Музыка Маман жоспары бойынша Құрастыру Тақырыбы: «Кірпішті «бірінің үстіне бірін қойып» жинау» Мақсаты: Қарапайым қабатты ғимараттарды құрайтын түрлі	Дене шынықтыру Тақырыбы: Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру . Қимылды ойын: «Жапырақтар жинайық». .Жаратылыстану	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Алтын дән» өлең. <i>К.Ахметова</i> Мақсаты: Тақпақтың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалау.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Күзгі соқпақ жол» Сурет салу Тақырыбы: Жау-жау	Дене шынықтыру Тақырыбы: .Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу. Допты нысанаға дәлдеп лақтыру. Спорттық іс-шара: «Себетті толтыр» Көркем әдебиет Тақырыбы:
--------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	комбинацияларда кірпішті орналастыру туралы баланың білімі мен дағдыларын қалыптастыру	Тақырыбы: «Көкөністерді жинауға көмектесеміз» Мақсаты: Көкөністер туралы түсінік беру.		жаңбыр (<i>дайын үлгідегі бұлттың астына</i>) Мақсаты: Тік сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру.	«Жемістер» өлең. Н. Жанаев Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын түсініп, тыңдауға үйрету»
Серуен:	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен ата аналары балабақша ауласында еңбек жасауы туралы жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Балабақша ауласын бақылау. Мақсаты: Ауладағы балалар ойнайтын заттарды атай білге үйрету. Оларды ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмаларын орындау . (мысалы, түскен жапырақтарды жинау. т.б) Мақсаты :қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимылды ойындар "Күн мен түн" (2-3рет қайталау); Мақсаты:Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. Дербес ойын әрекеті, серуенге алып шыққан материалдармен ойындар ұйымдастыру. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойындарды таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, тазалық шарасын ұйымдастыру, дербес ойын әрекеті .				
Ойындар, дербес әрекет	Табғат туралы әңгімелер айтып беру және өлеңдер оқу.	"Қуыршаққа қонаққа барамыз" Қонақ күту рәсімдерін үйрету.	Балаларға денсаулық туралы мақал-мәтел үйрету және мазмұндарын түсіндіру.	"Денсаулық - басты байлық"	Топтағы барлық балаларға ертегі оқып беру және төмен деңгейдегі балалардан ертегі кейіпкерлердің аттарын сұрау .
Жеке жұмыс	Текшелерден үй құрастыру. Елдана мен Айлинге текшелермен үй құрастыруды үйрету.	Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. Аят пен Мағжанға конструктордан бейнелер құрастыртуға үйрету.	Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру барысында Аделя мен Амина жұмыс жасауды ұйымдастыру.	Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаикалармен Алинур мен жұмыс жасауды ұйымдастыру.	Барлық балалардың ролде ойнау қабілеттерін бақылау.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: "Отбасы мүшелерінің есімдерін ата»,				

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, тазалықты ұйымдастыру, дербес ойын әрекеті				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларымен табиғат жайлы үнемі әңгімелесіп тұруларын айту	Балаларымен бірге үйде жаттығулар жасауды, үйретуді айту.	"Спорт-денсаулық кепілі" Тақырыбына суреттер салып әкелу.	«Бала өміріндегі ата ана рөлінің маңыздылығы». Сұқбаттасу.	Жобаны таныстыру. Көрме ұйымдастыру.

ЦИКЛОГРАММА

Кіші «Балапан» тобы

04.10.2021-08.10.2021жыл.

2-апта

Өтпелі тақырып: «Қош келдің, Алтын күз!»

Мақсаты:

Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайлармен (оңтүстік пен солтүстік күзгі ауа-райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру- ерте күз, алтын күз, күрең күз – көкөніс, жемістер, астық өнімін жинау мезгілі.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.10.2021.	Сейсенбі 05.10.2021.	Сәрсенбі 06.10.2021.	Бейсенбі 07.10.2021.	Жұма 08.10.2021.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым -қатынасы: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу, адмның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарау, балалардың сөйлеуін дамыту, жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдаяттар ұйымдастыру.				

Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) Танертенгі гимнастика	Үстел үсті ойындары "Мозайка" және ұсақ моторикалық ойындары жіптерді өткізу.	"Қонжық ботқаны қалай пісіреді?" дыбысты дұрыс айтуға арналған жаттығу жасату.	Фотосуреттер қарастыру «Мен тұратын үй» Текшелерден үй құрастыру.	Тақырыпқа арналған альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Боямақтар бояту.	Сенсорикалық ойындар ойнату. "Бұл қандай пішін, неге ұқсайды?"
	Жаттығулар кешені: "Көңілді билер" Айгөлек -ау айгөлек Айдың жүзі дөңгелек Айдай толған кезімде Би билеймін, дөңгелеп				
Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	"Орындарын тауып жинастыр" Мақсаты: Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.	«Ғажайып суреттер» Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.	Тақырыпқа байланысты картиналар топтамасынан суреттер қарастыру. Мақсаты: Суреттегі атай білуге үйрету	"Таяқшалармен ойын" Мақсаты: қолындағы заттардың санын білуге үйрету. Топ ішін жинастыра білуге үйрету.	Сөздік ойын «Бұл қай пішіннің бөлігі?» Мақсаты: Пішінді табу.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Музыка Маман жоспары бойынша Сенсорика Тақырыбы: «Доптың сиқыры неде?» Мақсаты: Заттардың түсіне қарай топтастыра білуге үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Бір қалыпты жүру. Бір орында тұрып бірқалыпты секіру. Қимылды ойын: «Ормандағы аю» Жаратылыстану Тақырыбы: «Бағбан атаның бағбандағы жемістер» Мақсаты: Жемістердің түрлерімен таныстыру.	Музыка Маман жоспары бойынша	Дене шынықтыру Тақырыбы: Бір қалыпты жүгіру. Қар түйіршіктерін себетке лақтыру. Қимылды ойын: «Себетке жина». Сурет салу Тақырыбы: «Тиінге арналған көйлек» Мақсаты: Қызыл және жасыл бояуымен саусақтар ізімен қағаз бетін келкі толтыруға үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу. Жиіктері шектелген тура жолақпен жүру. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Жапсыру Тақырыбы: «Мінекей, қандай өрнек?» Мақсаты: Ұлттық өрнекпен (ботагөз стилі) танысту
--------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Серуен:	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; балаларды әрекет етуге ынталандыру. Түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың түстерін тануға, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы, жапырақтарды жинау) Мақсаты :қарапайым тапсырмаларды орындауға және өз аулаларында анасына көмектесе білуге үйрету. Қимылды ойындар «Ақ қоян» (2-3рет қайталау); Мақсаты: Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету. Дербес ойын әрекеті, серуенге алып шыққан материалдармен ойындар Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойындарды таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, тазалық шараларын ұйымдастыру, дербес ойын әрекеті .				
Ойындар, дербес әрекет	Ойын: "Мен еңбекқор баламын" Балаларды ойын арқылы еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	Ойын: «Қуыршақты жуындыру үшін не керек?» Қуыршақты жуындыру үшін қандай заттар керек екенін үйрету.	Ойын: «Не жоқ?» Балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.	Д/О:Кім жылдам Балалардың ойлауын дамыту, жылдамдыққа тәрбиелеу.	Сюжетті рөлдік ойын: " Шаштараз" Шашатараз қызметкерлерінің еңбегін бағалай білуге үйрету.
Жеке жұмыс	Альтаир мен Асылға тақырыпқа байланысты боямақтар бояту	Ірі құрылыс материалдарынан Даяна мен Жахангерге бейнелердің қарапайым түрлерін құрастыруға үйрету.	Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру кезінде Аделя мен Аминаның сөйлеу қабілеттерін дамыту.	Барлық балаларға еңбек сүйгіштік туралы өлеңдер оқып беру.	Суретті кітапшаларды бояу, Аят пен Дарханға боямақ бояту кезінде қаламды дұрыс ұстауға үйрету.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. "Мен еңбекқор баламын" тақырыбына балалармен жеке әңгімелесу:				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекетін ұйымдастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Балаңызды еңбекқорлыққа тәрбиелеңіз».	Психологтің кеңесі: " Балаңыз жайлы не білесіз?"	"Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей" тақырыпта картиналар қарау.	Балаңызға еңбек жолыңыз туралы әңгімелеп беріңіз.	Балаңызға өзінің еңбегін бағалай білуді үйретіңіз.

ЦИКЛОГРАММА
Кіші «Балапан» тобы
11.10.2021-15.10.2021 жыл.

3-апта

Өтпелі тақырып: «Жомарт күз»

Мақсаты:

Бау, бақша мен алқаптардан жиналатын астық туралы балалардың білімін қалыптастыру, еңбек адамдары мен еңбек нәтижелеріне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.:

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.10.2021.	Сейсенбі 12.10.2021.	Сәрсенбі 13.10.2021.	Бейсенбі 14.10.2021.	Жұма 15.10.2021.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Ересектердің мамндығы туралы балалардың білімдерін кеңейту, түрлі мамандықтарға қызығушылықтарын дамыту, ересектер еңбегінің маңызы туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру, адамдар өмірінде барлық мамандықтардың маңызын түсіну, ересектер еңбегіне құметпен қарау сезімдерін тәрбиелеу, оларға көмектесуге ұмытылу, жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Тақырыпқа байланысты сөжетті картиналар қарастыру және суреттеу.	"Күз келді" туралы өлең оқып беру және әңгімелеп беру.	Тақырыпқа байланысты видео слайдтар қарау, балалардан не көргендерін сұрау.	"Көкөністер" туралы өлең оқып беру және мазмұндап беру.	Жемістерге арналған боямақтар бояту және кім қолданады сұрау.
Танертеңгі гимнастика	Жаттығулар кешені: "Көңілді аңдар биі" <p align="center">Менде үлкен үй. Ал көжекте кішкентай үй Қонжық кетті үйіне Көжек болып секіре</p>				

Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	"Бұл қандай құрал?" Баланың ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.	"Бұл қандай мезгіл?" Баланың танымдық қабілеттерін дамыту. Оқу қызметіне керекті құралдарды дайындау.	"Суреттер арасынан жемістерді ата" Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.	"Сөзді жалғастыр" ойыны Тәрбиеші: бау..... Жеміс өседі. (Сурет бойынша)	"Сұрақ жауап" ойыны Суретші не істейді? Сурет салады. Сатушы не істейді?

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Музыка Маман жоспары бойынша Құрастыру Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған үстел мен орындық» Мақсаты: Құрылыс бөлшегі текше, оның пішіні, көлемі және кірпішпен бірге құрастырудағы үйлесімділігі жайлы түсінік қалыптастыру.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Берілген бағытта әртүрлі жүгіру. Қимылды ойын: «Жолдан шықпа» Жаратылыстану Тақырыбы: «Біздің кішкентай досымыз - күшік» Мақсаты: Үй жануары күшік туралы қарапайым түсінік қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қонжыққа көмек» Мақсаты: Балалардың сөз қорларын жиһаз атауларымен кеңейту.	Дене шынықтыру Тақырыбы: Шеңберден шеңберге секіру. Қимылды ойын: «Төбешікке мінеміз» Сурет салу Тақырыбы: «Атқа арналған жасыл шөп» Мақсаты: Үлгі мен көрсетілімге қарап қылқаламмен тік және түзу жазық сызықтарды салу	Дене шынықтыру Тақырыбы: Заттардың арасымен аяқтың ұшымен жүру. Қимылды ойын: «Астық жинаймыз» Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шұбар тауық» ертегі. Мақсаты: Ертегіні мамұндау.
--------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Серуен:	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Балабақша ауласындағы қауіпсіздікті бақылау. Мақсаты: ауладағы қауіпсіздік туралы айту. Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы, ауладағы жапрақтарды жинау) Мақсаты :қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимылды ойындар «Күннің көзі мен жаңбыр» (2-3рет қайталау); Мақсаты:Бір-біріне қақтығысып қалмай ойнауға үйрету. Дербес ойын әрекеті, серуенге алып шыққан материалдармен ойындар ұйымдастыру. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойындарды таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым-қатынасты
----------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	қалыптастыру.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп киінудегі қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру, тазалық барысында қауіпсіздік шараларын қадағалау, дербес ойын әрекеті .				
Ойындар, дербес әрекет	Сюжетті ролдік ойын: "Дәрігер" Дәрігер туралы білімдерін кеңейту.	Сюжетті-ролдік ойын: « Шаштараз" шаштараздың қызыметі туралы түсініктерін кеңейту.	Сюжетті ролдік ойын: "Дүкен" Сатушының қызыметі туралы білімдерін кеңейту.	Д/О «Түсіне қарай ажырат» Түстерді ажыратуға үйрету	Күз туралы өлең жолдарын оқып беру, және мазмұнын түсіндіру. Өлеңді тыңдату арқылы зейінділіктерін дамыту.
Жеке жұмыс	Көкөністер туралы суреттер көрсете отырып Разия мен Хауаның суреттеу қабілеттерін дамыту.	Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар арқылы Мағжан мен Аминаның құрастыру қабілеттерін дамыту.	Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру кезінде Асыл мен Айлинге суреттегі іс-әрекеттерді таныстыра отырып сөздік қорларын көбейту..	Тақырыпқа байланысты барлық балаларға мақал-мәтел жаттату.	Суретті кітапшаларды бояу, Боямақтарды боята отырып Альтаирға қаламды дұрыс ұстауға дағдыландыру.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: "Сенің кім болғың келеді?"				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекетін ұйымдастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Балаңызға өз мамандығыңыз туралы айтып беріңіз».	Ата аналарға кеңес: Үнемі балаңызбен жақын сөйлесіңіз.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Күз мезгілі туралы суреттер қарап бірге әңгімеге тартыңыз.	Жобаны таныстыру. «Күзгі жоба" тақырыбына көрме ұйымдастыру.

ЦИКЛОГРАММА

Кіші «Балапан» тобы

18.10.2021-22.10.2021 жыл

4-апта

Өтпелі тақырып: «Ас атасы-нан»

Мақсаты:

Балаларға нан туралы түсінік беру; тұқым себуге дайындық, бидай егуге алқапты дайындау процесі, астықтың өсуі туралы, нанды пісіру процесі, тоқаш- нан өнімдерінің пайдасы, наубайшы мамандығы туралы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.10.2021.	Сейсенбі 19.10.2021.	Сәрсенбі 20.10.2021.	Бейсенбі 21.10.2021.	Жұма 22.10.2021.
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:экологиялық мәдениет пен шығармашылық ойлауын, қоршаған орта, оның адам үшін маңызы туралы түсінік беру, жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдайлар ұйымдастыру.				
	Тақырыпқа байланысты үстел үсті, саусақ және т.б.ойындары	Тақырыпқа байланысты Фотосуреттер қарастыру және атауларын атау	"Бауырсақ бізге қалай келді?" Сурет бойынша әңгімелеп беру.	"Ертегілер әлеміне саяхатқа барайық" Бірнеше ертегілердің суреттерін қарастыру және кейіпкерлерді атау.	Үстел үсті ойыны: Мозайкадан бейнелер жасау.
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)					
Танертенгі гимнастика	Жаттығулар кешені: «Күн» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі. Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру. Қайталануы: 4 рет.				
Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Тақырыпқа байланысты суреттер қарастыру ж	"Нан бізге қалай келеді" Балалармен нан суреттеп әңгімелеу.	"Біздің көңіл күйіміз" Балалардың көңіл күйлерін көтеретін әрекеттер жасау.	"Мен көмек бере аламын"	«Сөзді жалғастыр» Мақсаты: сөзін жалғастыру үйрету.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	Музыка Маман жоспары бойынша Сенсорика Тақырыбы: «Үшбұрыштың сыры» Мақсаты:	Дене шынықтыру Тақырыбы: Бір қалыпты жүру. Бір орында тұрып бірқалыпты секіру. Қимылды ойын: «Ормандағы аю» Жаратылыстану	Музыка Маман жоспары бойынша	Дене шынықтыру Тақырыбы: Бір қалыпты жүгіру. Қар түйіршіктерін себетке лақтыру. Қимылды ойын: «Себетке жина» Сурет салу	Дене шынықтыру Тақырыбы: Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мүсіндеу Тақырыбы: «Шұбар
--------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	Геометриялық пішіндердің көлемдеріне қарай топтастыруға үйрету.	Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты: Балаларды нанның қасиетімен таныстырып, нанның қиқымын тастамай, оны қастерлей білуге баулу.		Тақырыбы: «Бауырсақ жолмен домалайды» Мақсаты: Саусақпен кіші бөлшектерінің суретін салуға, сызықтарды жүргізуді үйрету.	тауыққа арналған дуал» Мақсаты: Тақтайшада алақанмен ермексаздың мүсіндеуге үйрету
Серуен:	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Күзгі ауа райын бақылау. Мақсаты: Күздегі ауа райының өзгерістері, табиғаттың басқа түске айналуы туралы айту, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін ояту. Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмалары (мысалы, жапырақтарды жинау) Мақсаты :қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр» (2-3рет қайталау); Мақсаты:Бір-біріне кедергі жасамауға үйрету. Дербес ойын әрекеті, серуенде балаларды 5-6 топқа бөліп ойнату. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойындарды таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекетін ұйымдастыру.				
Ойындар, дербес әрекет	"Біркелкі пішіндерді сана" Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету.	«Дауысын сал!» Ойынның мақсаты: құстардың түрлерін және олардың дауыстарын салуды үйрету.	«Үлкен-кіші» Мақсаты: Түстер туралы білімдерін бекіту,заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету	Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу.	«Әркімге өз үйі» Мақсаты: Қолмен саусақ ұштарының қимылдарын және сенсамоторлық кеңістікті «көз», «қол» үйлесімділігін дамыту.

Жеке жұмыс	Тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру барысында Аят пен Аминаға сурет атауларын айтқызу.	Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар ойната отырып Айдина мен Елданаға құрастыру жолдарын үйрету ,(диван, орындық)	Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру кезінде Сұлтан мен Даянаға екі үш сөзден тұратын сөйлемдер бойынша әгімелету..	Суретті кітапшаларды бояу, барысында Амина мен Альтаирдың қызығушылықтарын дамыту.	Барлық балаларға қоршаған ортасы туралы өлеңдер оқып беру.
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: .«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» және т.б.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекетін ұйымдастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын жинау».	Психологтің кеңесі: мысалы:«Балаңызды жұмсай біліңіз, жақсы дағдыға үйретіңіз".	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Әңгіме жүргізу: «Мен еңбекқор баламын».	Әртүрлі еңбектер туралы суреттерден көрме жасау.

ЦИКЛОГРАММА

Кіші «Балапан» тобы

25.10.2021-29.10.2021 жыл

1-апта.

Өтпелі тақырып: «Күз сыйы»

Мақсаты:

Жыл мезгілдері, күз, жылудың аздығы, күннің көзі шығып тұрса да, жылулығы жоқтығы туралытану, алайда күз сыйы жарқын , түрлі, ашық болатынын, гүлдер, жапырақтар, бұтақтар, жидектер, көкөніс пен жемістер- күз сыйы екенің түсіндіру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.10.2021.	Сейсенбі 26.10.2021.	Сәрсенбі 27.10.2021.	Бейсенбі 28.10.2021.	Жұма 29.10.2021.
